

Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 31/255 "2019 - 2021 жылдарға арналған Боранқұл ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 қарашадағы № 42/331 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 қарашада № 4034 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 7 қарашадағы №41/325 "Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтардағы №30/250 "2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4021 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, Бейнеу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "2019-2021 жылдарға арналған Боранқұл ауылының бюджеті туралы" Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 23 қаңтардағы №31/255 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3798 болып тіркелген, 2019 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Боранқұл ауылының бюджеті сәйкесінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 40 091,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша - 20 232,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша - 918,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша - 0 теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша - 18 941,0 мың теңге;

2) шығындар - 44 689,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 теңге;

бюджеттік кредиттер - 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге;

қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 4598,3 мың теңге.
".

2 тармақ келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Аудандық бюджеттен 2019 жылға арналған Боранқұл ауылының бюджетіне 18 941,0 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені қаперге алынсын.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Ж.Оспанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Бейнеу аудандық мәслихатының экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Қ.Т.Тарғынов).

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасының өкілеттігін жүзеге асырушы,

Бейнеу аудандық мәслихатының хатшысы

А. Ұлұқбанов

Бейнеу аудандық мәслихатының

2019 жылғы 19 қарашадағы

№ 42/331 шешіміне қосымша

Бейнеу аудандық мәслихатының

2019 жылғы 23 қаңтардағы

№ 31/255 шешіміне қосымша

2019 жылға арналған Боранқұл ауылының бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
	Кіші сыныбы			
		Атауы		
			1. Кірістер	40 091,0
1			Салықтық түсімдер	20 232,0
	01		Табыс салығы	10 180,0
		2	Жеке табыс салығы	10 180,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	10 052,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	341,0
		3	Жер салығы	217,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	9 494,0
2			Салықтық емес түсімдер	918,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	678,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	678,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	240,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	240,0

4			Трансферттердің түсімдері	18 941,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	18 941,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	18 941,0
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
		Атауы		
			2. Шығындар	44 689,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	44 219,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	44 219,3
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	44 219,3
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	470,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	470,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	470,0
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			Бюджеттік кредиттер	0,0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	4 598,3
			Қарыздар түсімі	0,0
			Қарыздарды өтеу	0,0
			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	4 598,3
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	4 598,3
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	4 598,3
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	4 598,3